



## **Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығына мемлекеттік қаржылық қолдау ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 мамырдағы № 332 қаулысы

"Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заны 5-бабының 8-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығына мемлекеттік қаржылық қолдау ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри*

*A. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2021 жылғы 20 мамырдағы  
№ 332 қаулысымен  
бекітілген

## **Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығына мемлекеттік қаржылық қолдау ұсыну қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығына мемлекеттік қаржылық қолдау ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 8-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығына мемлекеттік қаржылық қолдау ұсыну тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы (бұдан әрі – қаржы-есеп айырысу орталығы) – жүйелік оператор құратын және уәкілетті орган айқындастын, Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр желілеріне берілген, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын және тасқындық электр энергиясын Заңда көзделген тәртіппен орталықтандырылған сатып алушы және сатуды жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) мемлекеттік қаржылық қолдау – қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндірген электр энергиясын сатудан түсken кіrістерінің жетkіліксіздігі салдарынан жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар алдындағы міndettemelerіn орындауы мүмкін болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан көрсетіletіn қолдау;

3) резервтік қор – қаржы-есеп айырысу орталығы қалыптастыратын қор, оның ақшасы арнағы банктік шотта сақталады және шартты тұтынушылар тарапынан өздеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясы берілгені үшін төлем жасамауы немесе төлемді кірту салдарынан туындайтын кассалық алшақтықтар мен қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар алдындағы берешегін жабуға ғана пайдаланылады;

4) уәкілетті орган – жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

#### **2-таrau. Мемлекеттік қаржылық қолдауды ұсыну тәртібі**

3. Бюджеттік өтініmdі, есеп айырысуларды, негізdemелерді, әлеуметтік-экономикалық әсерді және бюджеттік жоспарлаудың басқа да талап етіletіn құжаттарын бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қазақстан Республикасының бюджет заннамасында көзделген тәртіппен қалыптастырады және ұсынады.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі көрсетілген бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің уәкілетті органның стратегиялық жоспарының нысаналы индикаторларымен өзара байланысын қамтамасыз етеді.

4. Резервтік қордағы ақша қаражаты және қаржы-есеп айырысу орталығының электр энергиясын сатудан түсken кіrістері қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі – ЖЭК) пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар алдындағы қаржылық міndettemelerіn орындауы үшін жетkіліксіз болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржы-есеп айырысу орталығына мемлекеттік қаржылық қолдау көрсетеді.

Бұл ретте қаржы-есеп айырысу орталығы мемлекеттік қаржылық қолдау үшін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ретінде уәкілетті органға жүгінеді.

5. Қаржы-есеп айырысу орталығының ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар алдындағы міndettemelerіn жабуына Қазақстан Республикасының респубикалық бюджетінен мемлекеттік қаржылық қолдау резервтік қорға ақша қаражатын жіберу арқылы жүзеге асырылады.

6. Қаржы-есеп айырысу орталығын мемлекеттік қаржылық қолдау бір мезгілде мынадай жағдайларда:

1) қаржы-есеп айырысу орталығының ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар алдындағы өткен жылғы міндеттемелерінің ең жоғары үш айлық мәнінен кем емес мөлшерде туындаған нақты мерзімі өткен берешек;

2) осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес құжаттармен және мәліметтермен расталған ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар алдындағы берешекті жабуға резервтік қорда ақша қаражатының болмауы;

3) шартты тұтынушылардың және білікті шартты тұтынушылардың "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген сот шешімін орындау жөніндегі барлық қажетті және түпкілікті шаралар қабылданғаннан кейін атқарушылық іс жүргізу қозғалған күннен бастап 6 (алты) айдан астам мерзімде берешекті өндіріп алу туралы сот шешімін (шешімдерін) орындау мүмкіндігінің болмауы орын алған кездеған жүзеге асырылады.

Атқарушылық іс жүргізу мерзіміне "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша атқарушылық құжаттарды орындау тоқтатыла тұрған, кейінге қалдырылған не мерзімі үзартылған уақыт кірмейді.

7. Қаржы-есеп айырысу орталығы мемлекеттік қаржылық қолдау алу үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісіне өтінішті және қажетті мемлекеттік қаржылық қолдау сомасын негіздей отырып, ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар алдындағы міндеттемелерін төлеуге ақша қаражатының жоқтығын растайтын мынадай құжаттар мен мәліметтерді:

1) қаржы-есеп айырысу орталығының ЖЭК пайдалану объектілері өндірғен электр энергиясын шартты тұтынушыларға сатуы шартты тұтынушылар мен басым шартты тұтынушылар тарарапынан өздеріне берілген электр энергиясы үшін төлемақы жүргізілмеген немесе төлемақы жүргізу кешіктірілген шарттарының көшірмелерін;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген шарттар бойынша көлемдерді, салыстырып-тексеру актілерінің, шот-фактуралардың көшірмелерін;

3) қаржы-есеп айырысу орталығы мемлекеттік қаржылық қолдау алу үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісіне өтініш берген күнге дейін 3 (үш) жұмыс күнінен бұрынғы күнге осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген шарттар бойынша электр энергиясын сату жөніндегі өзара есеп айырысуды салыстырып-тексеру актілерін;

4) қаржы-есеп айырысу орталығы мемлекеттік қаржылық қолдау алу үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісіне өтініш берген күнге дейін 3 (үш) жұмыс

күнінен ерте емес күнге осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген шарттар бойынша дебиторлық берешектің толық жазбасын;

5) қаржы-есеп айырысу орталығы мемлекеттік қаржылық қолдау алу үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісіне өтініш берген күнге дейін 2 (екі) жұмыс күнінен ерте емес күнге қаржы-есеп айырысу орталығы шоттарының жай-күйін көрсететін банктік үзінді көшірмелерін;

6) берешекті өндіріп алу туралы сот шешімдері, сондай-ақ шартты тұтынушылардың және басым шартты тұтынушылардың берешекті осы Қағидалардың 6-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мерзімде өндіріп алу туралы сот шешімін (шешімдерін) орындаудың мүмкін еместігін растайтын атқарушылық құжаттарды жібереді.

8. Қаржы-есеп айырысу орталығы мемлекеттік қаржылық қолдау алу үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ұсынылатын құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығын, анықтығын қамтамасыз етеді.

9. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі өтініш пен ұсынылған құжаттарды алған сәтінен бастап 10 (он) жұмыс күні мерзімінен кешіктірмей қарайды. Қаржы-есеп айырысу орталығы осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген құжаттарды толық көлемде ұсынбаған жағдайда, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі құжаттар келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаржы-есеп айырысу орталығына бас тарту себебі көрсетілген дәлелді бас тартуды жібереді. Қаржы-есеп айырысу орталығы ұсынылатын құжаттар мен мәліметтерді осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру мақсатында дәлелді бас тарту күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттарды жібереді және/немесе бюджеттік бағдарламаның әкімшісінің ескертулерін жояды.

10. Қаржы-есеп айырысу орталығынан алынған құжаттар мен мәліметтер негізінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі:

1) мемлекеттік қаржылық қолдау мөлшерін анықтайды;

2) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген тәртіппен тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік өтінімге мемлекеттік қаржылық қолдау төлеу жөніндегі шығыстарды қосады;

3) қаржы-есеп айырысу орталығына бөлінетін мемлекеттік қаржылық қолдаудың көлемі туралы мәліметтерді жібереді.

11. Қаржы-есеп айырысу орталығы Заңның 7-1-бабының 5-тармағына сәйкес "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізеді және оның нәтижелерін уәкілетті органға ұсынады.

12. Қаржы-есеп айырысу орталығы алған мемлекеттік қаржылық қолдау қаржы-есеп айырысу орталығының резервтік қорының арнайы шотына есепке жазылады және қаржы-есеп айырысу орталығының ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші үйымдар алдындағы шартты тұтынушылар мен білікті шартты тұтынушылар тарапынан ЖЭК пайдаланатын объектілер өндірген электр энергиясы берілгені үшін төлемді жүргізу мүмкін болмауы салдарынан туындастын берешегін жабуға ғана пайдаланылады.

13. Мемлекеттік қаржылық қолдау нәтижесінде алынған және қаржы-есеп айырысу орталығы ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші үйымдар алдындағы міндеттемелерді жабуға пайдаланған ақша қаражаты осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес есепке жазылады және Қазақстан Республикасы Энергетика министрі міндеттін атқарушының 2016 жылғы 29 шілдедегі № 361 бүйрүғымен бекітілген Резервтік қорды қалыптастыру және пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14210 болып тіркелген) сәйкес резервтік қордың мөлшерін есептеу кезінде ескеріледі.